

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1(17) қаңтар-наурыз 2019

ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyis Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокеебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумекев Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkithbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulbayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

МӘМЛҮК-ҚЫПШАҚ СҰЛТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕМ ӨРКЕНИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Қыдырбаев Қ.А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Аңдатпа. Мысыр мен Шам жеріне және мұсылмандардың қасиетті жерлері Хижазға үш ғасырға жуық билік жүргізген мәмлүк-қыпшақтары отандық ғалымдар тарапынан кешенді түрде зерттелмей отыр. Тіпті кейбір сұлтандардың тегі мен есімі де нақты анықталмай келген. Көптеген араб және Еуропа ғалымдары буржилер кезеңінде билікте болған мәмлүктерді адыгей-черкестерге жатқызып келген болатын. Бұл мақалада буржилер кезеңіндегі сұлтандардың адыгей-черкестерге еш қатысы жоқ екені, олардың қыпшақ даласынан барған шеркештер екені, екі кезеңдегі, яғни бахрилер мен буржилер кезеңіндегі мәмлүктер де қыпшақ тілінде сөйлегені жан-жақты дәлелденеді және қыпшақтардың әлем өркениетіне қосқан үлесі туралы тың мәліметтер беріледі.

Түйін сөздер: мәмлүк, қыпшақ, бұржоғлы, шеркеш, мәмлүк қылышы, қыпшақ тілі, бахри, буржи

МАМЛЮК-КИПЧАКСКИЙ СУЛТАНАТ И ЕГО ВКЛАД В МИРОВУЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ

Қыдырбаев К.А.

КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

Аннотация. Кипчаки-мамлюки, которые правили Египтом и Шамом, а также мусульманскими святыми местами Хиджаза в течение почти трех столетий, не были тщательно исследованы отечественными учеными. Даже имена некоторых султанов не были четко определены. Многие арабские и европейские ученые ссылались на то, что мамлюки, это –адыги-черкесы, которые правили во время Бурджитов. Эта статья показывает, что султаны во время власти бурджитов не имели никакого отношения к адыгам-черкесам, что они были шеркешами из кипчакской степи и что мамлюки в двух периодах, то есть, в бахритский и буржитский периоды также разговаривали на кипчакском языке, в работе также приводятся новые подробности вклада кипчаков в мировую цивилизацию.

Ключевые слова: мамлюк, кипчак, буржоғлы, шеркеш, мамлюкская сабля, қыпчакский язык, бахри, буржи

THE MAMLUK-KIPCHAK SULTANATE AND HIS CONTRIBUTION TO THE WORLD'S CIVILIZATION

Kydyrbayev K.A.

al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. The Mamluk Kipchaks, who ruled Egypt, Sham, and the Muslim holy places of Hejaz for almost three centuries, were not thoroughly researched by domestic scholars. Even the names of some sultans were not clearly defined. Many Arab and European scholars referred to the fact that the Mamluks are the Adygea-Circassians who ruled during the Burjits. This article shows that the sultans during the

rule of the Burjits had no relation to the AdygeaCircassians, but they were Sherkeshs from the Kipchak steppe, and that the Mamluks in two periods, that is, during the periods of the Bakhrits and Burdzhits, also spoke Kipchak language. In addition, new details about the contribution of the Kipchaks to world civilization are given.

Keywords: Mamluk, Kipchak, Burjoglu, Sherkesh, Mameluke sabre, Kipchak Language, Bahri, Burji.

Кіріспе

Мысыр мен Шам жерін, Хижазды 1250-1517 жылдар аралығында 267 жыл бойы билеген мәмлүк-қыпшақтары отандық ғалымдар тарапынан толыққанды зерттелмей отыр. Әлем тарихшылары мәмлүктер елін «бахрилер» және «буржилер» деп екіге бөліп қарастырады. «Бахрилер» 1250-1382 жылдары 132 жыл билесе, «буржилер» 1382-1517 жылдары 135 жыл билік жүргізді.

Ғалымдар арасында «бахрилер» кезеңінде 19 жыл билік жүргізген Байбарыс әулеті (1260-1279 ж.) мен 106 жыл билік еткен Қалауын әулетінің (1279-1382 ж.) қыпшақ даласынан шыққанына талас жоқ. Ал 1382-1517 жылдары, яғни «буржилер» кезеңінде 135 жыл билік жүргізген мәмлүк сұлтандарын қазіргі кезеңдегі көптеген тарихшылар Кавказдағы адыгей-черкес ұлтымен байланыстырып келеді. Сонымен қатар мәмлүктер кезеңінде жарық көрген еңбектер, ашылған жаңалықтар тиісті тарихи бағасын алмай келеді. Тіпті мәмлүк-қыпшақ сұлтандығының әлем өркениетіне қосқан үлесі де ашық айтылмауда.

Талқылау нәтижесі

Бахрилер кезеңіндегі сұлтандардың ұлты мен руына шолу жасалып, буржилер кезеңіндегі сұлтандардың Кавказдағы адыгей-черкес ұлтына қатысы жоқ екені, олардың қыпшақ даласынан шыққан шеркештер екені нақты дәлелдер арқылы көрсетіледі. Сол кезеңдегі ашылған жаңалықтар мен жазылған құнды еңбектер қай тілде жазылғанына қарамастан Мәмлүк-қыпшақ сұлтандығына тиесілі екені ашып көрсетіледі.

Нәтижесі

Буржилердің адыгей-черкестер емес, қыпшақ тілінде сөйлеген Ұлы Дала шеркештері екені ортағасырлық деректер мен жазба ескерткіштер, сұлтандардың ныспысы негізінде жан-жақты дәлелденіп көрсетіледі. Сондай-ақ «Құлдар елі», «Құлдар сұлтандығы» деген мағына беретін «Мәмлүктер елі», «Мәмлүктер сұлтандығы» атаулары кейбір саяси мүдделерге орай кейінгі тарихшылардың ойлап тапқан терминдері екенін, олар өздерін бахрилер кезеңінде «Түрік елі», «Түріктер елі», ал буржилер кезеңінде «Шеркеш елі», «Шеркештер» елі деп атағандары анықталды. Сонымен қатар мәмлүкқыпшақтардың әлем өркениетіне қосқан үлесі ретінде, сол кезеңдерде жазылған ғылымның әртүрлі саласындағы том-том энциклопедиялық еңбектер, медицина саласындағы ашылған жаңалықтар, сәулет өнері, алғашқы реактивті торпеда мен ауыр от қарулар (зеңбіректер), «мәмлүк қылышы» деген атпен әйгілі болған қазақтың қайқы қылышы туралы тың мәліметтер беріледі.

Негізгі бөлім

Әйюбилер әулетінен кейін 1250 жылы билікке келіп, Мысыр, Шам жерлеріне, Хижазға биліктерін жүргізген мәмлүктер бүкіл араб әлемін моғол шапқыншылығы мен кресшілер жорығынан аман алып қалғаны белгілі (ортағасырлық араб деректерінде «монғол» сөзі кездеспейді, «моғол» деп беріледі). Тарихшылар Мәмлүктер елін «бахрилер кезеңі» және «буржилер кезеңі» деп екіге бөліп қарастырады. «Бахрилер» 1250-1382 жылдары билесе, «буржилер» 1382-1517 жылдары билік құрды. Араб тарихшылары «бахри» аталу себебін, сырттан

әкелінген мәмлүктердің Ніл өзеніндегі «әр-Рауда» аралына орналастырылуымен, әскери жаттығуларын сонда өткізгендігімен байланыстырады. Ол кездерде мысырлықтар Ніл өзенін бахр, яғни теңіз дейтін. Деректерде бахри мәмлүктерінің дені ортаазиялық түріктерден (қыпшақтардан) болғаны айтылады. Ал «буржи» атауын сырттан әкелінген мәмлүктердің биікте орналасқан «әлЖәбал» қамалының жоғарғы бөліктеріне (қабаттарына) орналастырылып, әскери жаттығуларын сонда өткізгендігімен байланыстырған. Араб тіліндегі «бурж» сөзі қамал, бекініс, мұнара деген мағынаны білдіреді.

Кейбір қазақ тарихшылары Байбарыс сұлтанның бүржоғлы (беріш) руынан екенін «Буржи мәмлүктері» атауындағы «бурж» сөзімен байланыстырады. Бұл ақиқатқа жанаспайды. Өйткені Байбарыс сұлтан 1260-1277 жылдары, яғни буржилер емес, бахрилер кезеңінде билікте болған. Байбарыстың бүржоғлы (беріш) руынан екеніне мәмлүктер елінде өмір сүрген әйгілі тарихшы ибн Халдун өз еңбегінің бесінші томында және тарихшы әл-Айни өзінің «Иқд әл-Жуман» [Әл-Айни, 153] атты еңбегінің бірінші томында жазып кеткені дәлел болмақ.

Әйюбилердің соңғы сұлтаны әс-Салих Әйюбтің әйелі Шежіредүр 1250 жылы күйеуі қайтыс болғаннан кейін сексен күн ел билеген. Тарихшы ибн Кәсир «әл-Бидәйя уә ән-Нихәйя» [Ибн Кәсир, 13-т.] атты еңбегінде және әл-Мақризидің «әс-Сулуқ» [Әл-Мақризи, 1997: 1/549] атты еңбегінде Шежіредүрдің мәмлүк-түрік екенін айтқан. Мәмлүктер елінің алғашқы сұлтаны болған Шежіредүр араб шығысындағы ислам елдерінің алғашқы әйел басшысы ретінде танылады [Әл-Мақризи, 1997: 1/118]. Кейіннен ол әртүрлі саяси жағдайларға байланысты өзінің уәзірі түрікмен Айбекке тұрмысқа шығып, билікті соған береді. 1250-1260 жылдар аралығында Шежіредүрден кейін болған Айбек (1250-1257 ж.) пен Али (1257-1259 ж.) сұлтандардың түрікмен екеніне тарихшылар арасында талас жоқ. Тарихшылар Құтыз сұлтанның (1259-1260 ж.) хорезмдік екенін айтады.

Ал 1260-1332 жылдар аралығында Құтыздан кейін 122 жыл бойы билеген бахрилердің 23 сұлтанының жиырма екісі қыпшақ елінің бүржоғлы (беріш) руынан, біреуі шеркеш руынан болған. 1260-1279 жылдар аралығында 19 жыл Байбарыс әулеті билесе, 1279-1382 жылдар аралығында 106 жыл бойы Қалауын әулетінен он тоғыз сұлтан билеген. Қалауын әулетінің бірінші сұлтаны әл-Мансур Сейфуддин Қалауынның (1279-1290 ж.) қыпшақ елінің бүржоғлы (беріш) руынан екенін сол кезеңдерде, сол елде өмір сүрген ибн Абдуззаһир [Ибн Абдуззаһир, 7/94], ибн Тағриберді [Ибн Тағриберді, 43] секілді тарихшылар жазып қалдырған. Ал Қалауын әулеті кезінде билік еткен бахрилердің 13-ші сұлтаны әл-Музаффар Рукнуддин Байбарыстың (1308-1309 ж.) шеркеш екенін Хайруддин әз-Зирикли [Х. әз-Зирикли, 79] және т.б. тарихшылар айтып кеткен.

Тарихшылар 1382-1517 жылдары билік құрған буржи мәмлүктерінің денін шеркештер құрағанын айтады және кейбір тарихшылар оларды қазіргі Кавказ өңірінде жасайтын черкестермен байланыстырады. Буржи мәмлүктерінің алғашқы сұлтанының есімі қыпшақша болмай, Барқуқ болуы да олардың осы пікірін қуаттағандай болатын. Алайда 1382 жылы таққа отырған буржилердің бірінші сұлтаны Барқуқ туралы сол заманда өмір сүрген тарихшы әл-Мақризидің (1364-1442 ж.): «Шеркеш елінен әкелініп, Қырымда сатылды. Оны Қожа Фахруддин Осман ибн Мусәфир Мысыр жеріне әкелді. Елбұға әмір оны сатып алып, азат етеді де, өз мәмлүктеріне қосады. Оның аты Алтынбұға болатын. Көзі сыртқа шығыңқы болғандықтан әмір оны Барқуқ деп атаған» [Әл-Мақризи, 1997: 5/464], – деп жазады (қараөрікті араб тілінде «Барқуқ» дейді. Соған қарағанда сұлтанның көзі сыртқа шығыңқы бадырайған қара көз болса керек). Әл-Мақризидің осы жазбасы буржилердің алғашқы сұлтаны адыгей-черкес емес, қыпшақ елінің шеркеші екенін дәлелдей түседі. Өйткені

«Алтынбұға» – қыпшақ есімі. Екінші компоненті «бұға» болып келетін есімдер қыпшақ даласында көптеп кездесетіні, тіпті атақты тұлғалар да бар екені тарихтан белгілі. Олай болса

1382-1412 жылдар аралығында жиырма жыл ел басқарған Барқұқ (Алтынбұға) әулетінің үш сұлтаны да түрік (шеркеш) болып шығады. Демек буржилер кезеңінде билікте болған жиырма бес сұлтанның жиырмасының есімі немесе ныспысы Алтынбұға, Барысбай, Татар, Шақмақ (Шақпақ), Хошқадам, Белбай, Темірбұға, Қайтбай, Жанболат, Тұманбай секілді қыпшақ есімдерінен, үшеуінің есімі мен ныспысы араб есімдерінен болған (түрік халықтары арабша есім қоя беретіні белгілі). Ал араб есімді сұлтандар мен Инал әулетінің тегі зерттеуді қажет етеді.

Сонымен буржилер кезеңіндегі (1382-1517 ж.) жиырма бес сұлтанның жиырмасы қыпшақ даласының шеркештері болған. Кейбір ғалымдар буржилерді адыгей-черкестер етеміз деп қаншама әуреленсе де, сұлтандар мен әмірлердің есімдері оларды өз тектеріне, яғни түрік шеркештерге тартып тұр.

Ел билеген шеркештердің кавказдық черкестерге қатысы жоқ екеніне тағы бір дәлел, черкес тілі түрік тілдеріне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын адыгей тобындағы Солтүстік Кавказ тілдеріне жатады, ал ел билеген шеркештер қыпшақ тілінде сөйлеген. Бахрилер мен буржилердің қыпшақ тілінде сөйлегеніне осы кезеңдерде (XIII-XVI ғасырларда) жазылған жазба ескерткіштердің тіліде дәлел болмақ. Мысал ретінде бахрилер кезеңінде (1250-1382 ж.) жазылған «Қыпшақ-араб сөздігі» (XIII ғ.), «Китаб әл-Идрак» (XIV ғ.), «Әд-Дурра» (XIV ғ.), «Әт-Тухфа» (XIV ғ.), т.б. жазба ескерткіштердің тілін айтуға болады. Тіпті «Әт-Тухфа» атты еңбектің авторы қолжазбаның кіріспесінде: «Мен еңбекті қыпшақ тілі бойынша жаздым, өйткені ең көп қолданылатын тіл – қыпшақ тілі», – деген. Осы сөздікті зерттеген отандық зерттеуші Т. Арын ондағы кездесетін түрік сөздерінің, яғни қыпшақ сөздерінің үлесі 97,5%, парсы сөздерінің үлесі 2,1%, араб сөздерінің үлесі 0,4% екенін анықтаған [Т. Арынов, 2009: 129].

Буржилер, яғни шеркештер билігі кезінде (1382-1517 ж.) жарық көрген жазба ескерткіштер де қыпшақ тілінде жазылған. Мысал ретінде буржилердің бірінші сұлтаны Барқұқтың (Алтынбұғаның) (1382-1399 ж.) тұсында 1387 жылы араб тілінен түрік (қыпшақ) тіліне аударылған «Иршад әл-Мулук уә-с-Салатин» атты шарият кітабын айтуға болады. Сонымен қатар осы Барқұқ сұлтан мен оның ұлы Фәраж сұлтанның (1399-1412 ж.) тұсында, яғни XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басында қыпшақ тілінің грамматикасын араб тілділерге үйрету мақсатында жазылған «Әл-Қауанин» еңбегі, шеркеш мәмлүктерінің 23-ші сұлтаны Қансу әл-Ғуриге (1501-1516 ж.) тарту етілген «Шаһнама» атты поэманың қыпшақ тіліндегі аудармасы, осы Қансу әл-Ғури сұлтанның тікелей әмірімен қыпшақ тіліне аударылған «Муқаддима Әбулләйс әс-Самарқанди» атты діни еңбектер дәлел болмақ. Буржилер кезеңінде, яғни шеркештер билік құрған кезеңде жарық көрген осы жазба-ескерткіштердің барлығы адыгей-черкес тілінде емес, түрік шеркештердің тілінде, яғни қыпшақ тілінде жазылған.

Әлемдік өркениетке қосқан үлесі

Қиын кезеңде билікке келген мәмлүктер араб мұсылман әлемін моғол шапқыншылығы мен крест жорықтарынан сақтап қана қоймай, халифат құлағаннан кейінгі тұралап қалған ислам өркениетіне қайта жан бітіріп дамытты. Әскери жағына ғана емес ғылым, білім, мәдениет, экономика, өнер саласына да баса назар аударды. Мысыр мен Шам жерінде көптеген мешіттер, медреселер, кітапханалар, ауруханалар, т.б. мекемелер салдырды. Мысал үшін сол кездерде үлкен білім ордалары болған әз-Заһир Байбарыс сұлтан салдырған әз-Заһирия медресесі, ән-Насыр Мұхаммед сұлтан салдырған ән-Насырия медресесі, сондай-ақ Хасан сұлтан, әл-Мүһәззәбия, әл-Фурқания, әс-Сағдия, әт-Тафажия, әл-Махмудия секілді көптеген мешіт-медреселерді айтуға болады. Араб тарихшысы Абдуррахман Зәки: «Һижраның 600-ші жылы Каир қаласында 13 медресе болса, мәмлүктер заманында мешіт-медреселердің саны еселесті» [А. Зәки, 73], – дейді. Тіпті әйгілі жаһангер ибн Баттута медреселер туралы: «Көптігі соншалық, санына жету мүмкін емес» [Ибн Баттута, 70], – деген. Мәмлүктер елінде өмір сүрген әйгілі тарихшы ибн Кәсир:

«Шам жеріндегі әл-Жамиғ әл-Әмәуи медресесінде оқитын әрбір шәкіртке айына он дирһем шәкіртақы, оқытушыға сексен дирһем айлық жалақы тағайындалған» [Ибн Кәсир, 1998: 719], – дейді. Фатимилер кезінде салынып, шиғалық бағытты насихаттаған әл-Әзһарды әйюбилер кезінде Салахуддин әл-Әйюби жауып, шиғаларды Мысыр жерінен қуған болса, мәмлүк-қыпшақтар әл-Әзһарды қайта ашып, айналасына жаңа оқу ордалары мен кітапхана салып кеңейтті және бүкіл мұсылман жұрты біліммен сусындайтын төрт мәзһабтағы сүннилік бағытта қайта дамытты [М. Хамиш, 2018: 30-35]. Әйгілі саяхатшы ибн Баттута Мысыр жеріне Қалауын әулетітұсындабарғанда, ондағы мамыражай тіршілікті, ғажайып ғимараттарды, жоғары мәдениетті көріп, бұл елді «Умм әл-Биләд», яғни «Елдердің анасы» деп сипаттаған. Осы деректерден-ақ мәмлүк сұлтандары мен әмірлерінің ислам дінінің тура бағытта дамуына ықпалеткенін, олардың ғылым, білімге деген ықыласы жоғары деңгейде болғанын байқауға болады.

Энциклопедиялық еңбектер

Әйюбилер билігі кезінде мәмлүктердің көптеп әкелініп, қыпшақтардың саны артуы салдарынан, араб тілімен қатар қыпшақ тілі де қолданыста болды. Оған мәмлүктер билікке келмей тұрып, 1245 жылы жарық көрген «Қыпшақ-араб сөздігі» дәлел болмақ. Аббасилер мен әйюбилер кезеңінде әкелінген мәмлүктерге соғысу өнеріне қоса, жастайынан араб тілі мен ислам дінінің негіздері оқытылғаны тарихтан белгілі. Мәмлүктер билікке келгенде билік өкілдерімен тікелей жұмыс жасайтын арабтілділер мен кейбір мүдделі топтар биліктегілердің тілін үйренулеріне тура келді. Нәтижесінде жоғарыда аталған қыпшақ тілін оқытуға арналған тілдік еңбектер мен әдеби шығармалар, діни еңбектер дүниеге келіп, белгілі бір дәрежеде қостілділік белең алды. Алайда сұлтандар мен әмірлер қыпшақ тілін барша халыққа міндеттемеді. Араб тіліне жетік ғұлама кісілерді әртүрлі мемлекеттік қызметтерге ұсынды. Мысалы әз-Заһир Байбарыс сұлтан әйгілі ғұлама ибн Халликанды Шамжеріне Жоғары Қазы қызметіне тағайындаған. Ал атақты тарихшы Әбу әл- Аббас әл-Қалқашанди (1355-1418 ж.) буржилердің бірінші сұлтаны Барқұқтың (Алтынбұғаның) тұсында мемлекеттік хатшы міндетін атқарған. Ислам негіздері бойларына жастайынан сіңгендіктен, сұлтандықта қасиетті Құран тілі ғылым, білімнің тілі болып қала берді. Сұлтандар мен әмірлердің қолдауымен дүниеге келген том-том ғылыми еңбектер араб тілінде жазылды, жаңалықтар араб тілінде ашылды. Бұл кезеңдегі ғұлама ғалымдар мен өнертапқыштар араб ұлтынан ғана емес, араб тілін терең меңгерген түріктер (қыпшақтар) арасынан да шықты. Ғылым, білімге жоғары дәрежеде көңіл бөлінуі салдарынан бұл елге Бағдат, Андалусия секілді Шығыс пен Батыс өңірлерденкөптеген ғұламалар қоныс аударды. Ғылымның түрлі саласында үлкен-үлкен энциклопедиялық еңбектер жазылғандықтан, зерттеушілер мәмлүктер дәуірін

«Ғылыми энциклопедиялар дәуірі» деп атады. Араб зерттеушісі Мұстафа әш-Шәкға бұл еңбектерді: «Мәмлүктер дәуірінде жарық көрген әйгілі энциклопедиялар қаншама ғасыр өткеніне қарамастан әлі күнге дейін ислам пікірі саласындағы ең әйгілі еңбектер» [М. әш-Шәкға, 731], – деп бағалаған. Әйгілі Мысыр жазушысы әрі тарихшы Таһа Хусейн (1973 ж. қайтыс болған) мәмлүктер дәуіріне: «Бұл кезең Каир мен араб елдері үшін исламның ең өркендеген кезеңі. Олай деуге мәмлүктер дәуірінің «энциклопедиялар дәуірі» деп аталуының өзі жеткілікті» [Ш. Тауфиқ, 2009: 15], – деген сипаттама берген. Мысалы «Ән-Нужум әз-Зәһира фи мулук Миср уә әлҚаһира» атты еңбек Мысыр жерін билеген патшалар мен сұлтандардың тарихына қатысты ең құнды он алты томдық еңбек. Авторы тегі түрік Юсуф ибн Тағриберди (Тәңірберді) әл-Атабеки (1410-1470 ж.) араб және түрік тілдерін жақсы білген. Барқұқ сұлтан тұсында әкесі үлкен әмір болған. Тарихшы әл-Мақризиден білім алған. Ауқатты отбасында өскендіктен, білім үйрену, жазудан өзге іспен айналыспаған. Ал тегі қыпшақ, тарихшы әрі әмір, бірнеше соғысқа қатысқан Байбарыс әд-Дәуадардың (1247- 1325 ж.) «Зубдә әл-Фикра фи тарих әл-Һижра» атты тоғыз томдық еңбегінің

тоғызыншы томы толығымен Мәмлүк сұлтандығының тарихына арналған. Осы автордың «Әт-Тухфа әл-Мулукия фи әд-Дәулә әт-Түркийя» атты еңбегі мәмлүктер елінің сұлтандары мен әмірлері туралы құнды еңбек. Бұл еңбектің жалғыз қолжазбасы Вена кітапханасында сақтаулы тұр.

Мәмлүктер кезеңінде жазылған түрлі саладағы энциклопедиялық еңбектер әлі күнге дейін құнын жойған жоқ. Оларды әлемнің қай елінде болмасын, филология, әлем және араб елдері, Мәмлүк сұлтандығы тарихын, ислам дінін, мәдениетін зерттеумен айналысатын институттар мен ғылыми орталықтардың кітапханаларынан табуға болады.

Медицина

Ғылымы дамыған Мәмлүк сұлтандығындағы Каир, Димашық (Дамаск), Хама қалалары әлемдегі ең үлкен офтальмология (көз ауруларын зерттеу, ота жасау, емдеу) орталығына айналды. Заманында әз-Заһир Байбарыс сұлтанның жеке дәрігері болған, тегі мәуараннаһрлық ибн ән-Нәфис (1213-1288 ж.) медицина саласында бірнеше еңбек жазған. Оның «Шарх тәшрих әл-Қанун» атты еңбегі әлі күнге дейін құнын жоймаған. Ислам өркениетінің мақтанышы саналатын осы еңбегінде ол алғаш рет өкпежүрек қанайналым немесе кіші қанайналым физиологиясын, тыныс алу жүйесінің, артерия анатомиясы мен функциясын ашты. Жүрек бұлшықеттері жүрек қуысындағы қаннан емес өз ішіндегі қантамырлар арқылы қорек алатынын дәлелдеді. Ибн ән-Нәфистің бұдан да өзге бірнеше еңбегі көптеген тілдерге аударылды.

Сәулет өнері: Мәмлүктер дәуірінде Мысыр мен Шам жерінде сәулет өнері шарықтау шегіне жетті. Бұл кезеңде салынған мешіт-медреселер арқасында Каир «Мың мұнаралы қала» деген атқа ие болды. Солардың ішіндегі ең көрнектісі Қалауын сұлтанның тікелей ұрпағы Хасан сұлтан (1347-1351 ж. және 1354-1361 ж. билік құрған) салдырған мешіт-медресе. Бұл мешіт-медресе аса биіктігімен, құрылыстағы геометриялық дәлдігімен, әшекейлеу, әрлеу жұмыстарының алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар құрылысындағы мәрмәр тастардың қашалу шеберлігі, нақышталып мыспен қапталған есіктері мешіт-медресеге әр беріп тұр. Қабырғаларының жоғарғы жағындағы қошқармүйіз пішінінде қатар-қатар өрілген бөлігі мешіт-медресеге қазақы өң беріп тұр. Мешіт-медресе ортасындағы ашық алаңқайда мәрмәр тастан қашалған сегіз ұстынға бекітілген үлкен күмбез, сол алаңқайдың төрт қапталындағы үлкен төрт иуан (күмбезденіп қаланған үлкен қақпа немесе қуыс), әр иуанда ислам дінінің төрт мәзһабын оқытатын төрт медресеге апаратын есіктер мешіт-медресенің қайталанбас өзіндік ерекшеліктерінің бірі. Сұлтан өз көмекшілерінен әлемдегі ең үлкен иуан туралы сұрағанда, көмекшілері парсы патшасы салдырған ғимараттың иуаны екенін айтады. Оны естіген сұлтан өз мешітінің иуаны парсы патшасы салдырған иуаннан үлкен болуын бұйырған деседі. Халық арасында «Перғауындар заманындағы Мысыр пирамидаларымен мақтанса, ислам кезеңіндегі Мысыр Хасан сұлтан мешітімен таңғалдырмақ» деген сөз тараған. Архитекторлар арасында «Төртінші пирамида» деген атқа ие болған Хасан сұлтан мешітмедресесін өз көздерімен көрген ортағасырлық тарихшылар мен еуропалықтардың сипаттамаларына қарап-ақ бұл мешіттің дәрежесі қандай деңгейде болғанын аңғаруға болады. Мәмлүктер елінде өмір сүрген тарихшы ибн Тағриберди (Тәңірберді): «Бұл медресенің екі мұнарасы мен күмбезі әлем кереметтерінің бірі. Сонымен қатар ислам өркениетіндегі ең әсем ғимарат» [А. Хасан, 1945: 166], – десе, сол дәуірде өмір сүрген әлМақризи:

«Ислам елдеріндегі мұсылман ғибадатханаларының ішінде осы мешітке тең келетін ғибадат орны болған емес, мұндай ғибадат орны тіпті Мысыр, Шам, Ирак, Мағриб, Йемен жерлерінде де салынған емес» [А. Хасан, 1945: 166], – деп сипаттайды. Француз шапқыншылары: «Расында да бұл Каирдегі, тіпті бүкіл Мысыр жеріндегі ғимараттардың ең көріктісі», – деген. Француз шығыстанушысы Гастон Виет: «Бұл Каир мешіттерінің ішінде құрылысының мықтылығы мен

биіктігімен ерекшеленетін, сондай-ақ нәзік ою- өрнектерінің әдемілігімен көздің жауын алатын бірден-бір мешіт. Аса танымал, аса бағалы бұл ғимараттың ислам өркениетінің даңқы мен қуатының рәмізі екеніне күман жоқ» [А. Хасан, 1945: 166], – деген. Әлемді тамсандырған мешіт-медресенің бас архитекторы тегі мәмлүктік түрік Мұхаммед ибн Білік әл-Мухсини болуы да түрік жұртын бей-жай қалдырмасы анық. Қазіргі Мысыр Орталық Банкі тарапынан шығарылған жүз жүнейлік банкноттың бет жағында Хасан сұлтан мешіт-медресесінің бейнесі бедерленуі ғимарат мәртебесінің мысырлықтар арасында жоғары деңгейде екенін білдірсе керек. Ал бір жүнейлік банкнотында мәмлүктер кезінде салынған Қайтбай сұлтан мешіті, елу жүнейлік банкнотында Қажымас әмір мешіті, ең үлкен екі жүз жүнейлік банкнотында Қаныбай әмір мешітінің бейнесі бедерленуі, жалпы мәмлүк қыпшақтары тұрғызған ғимараттардың өзіндік орнын білдірмек.

Қолөнер: Ислам тарихшылары мәмлүктер кезеңін Мысыр мен Шам жеріндегі ислам (түркілік) қолөнерінің гүлденген кезеңі санайды. Оған осы дәуірде алтын, күміспен апталып жасалған есіктер, орындықтар, сандықтар, қаламсалғыштар, т.б. бағалы бұйымдар дәлел. Сұлтанға немесе әмірге сыйға арналып жасалған бұйымдар әртүрлі геометриялық кескіндегі нақыштарға қоса, сұлтан есімі мен лақабы және дұғалардың насх жазуымен жазылуымен ерекшеленеді. Мешіт-медреселерге орнатылған шыныдан жасалған үлкен-үлкен аспалы шамдар сол дәуірде шыны жасау ісінің де өркендегенін білдіреді. Сонымен қатар түрлі-түсті текше пішінді ұсақ мәрмәр мозаикалы нақыштар кең тарады. Мұндай мозаикалар ромб, үшбұрыш, тік, үзік және айқаспалы жолақтар пішінінде бір-бірлеріне өте дәлдікпен кіріктіріле құрастырылған. Көбінесе олар мешіттегі жақтаулар мен михрабтарды безендіруге қолданылды. Бұл дәуірде кеңінен тараған насх жазуы металл, қыш, піл сүйегі, тоқыма бұйымдарға өрнектеліп жазылатын басты нақыштарға айналды. Сондай-ақ мәмлүк сұлтандары осы жазу үлгісінде Құран кітаптарын жаздырып, мешіттерге өз аттарымен уақыпқа беріп отырған [h.әс-Сәид, [https](https://)].

Мәмлүк қылышы: Салих Дийаб атты араб зерттеушісі Мұхаммед пайғамбар (сау), әділетті төрт халифа (ра), әмәуилер, аббасилер және әйюбилер әулеті кезіндегі мұсылман әскерлерінің қылышы екі жүзді, тік болғанын, XIII ғасырда мәмлүк-қыпшақтар билікке келгеннен бастап Мысыр мен Шам жерінде бір жүзді, қайқы қылыш пайда болғанын және мұндай үлгідегі қылыш Орта Азия даласынан келгенін айтады [С. Диаб, 2001: [http](http://):]. Қайқы қылыштың шабу кезіндегі тепе-теңдік нүктесі үш жағында болуымен ерекшеленді. Қарсыласқа сермеу кезінде тепе-теңдік нүктесінің үш жағына ауысуы салдарынан өздігінен үлкен күш туатыны белгілі болған [Суйуф, 2015: [https](https://)]. Мәмлүк сұлтандарына тиесілі қылыштардың дені Түркиядағы Топқапы Сарай мұражайында сақтаулы тұр. Мұражайдағы қылыштардың жартысына жуығы мәмлүк сұлтандары мен әмірлеріне тиесілі. Арасынан Қайтбай сұлтан мен Қансу әл-Ғури сұлтан қолданған бірнеше қылышты көруге болады [У. Йужәл, 1998: 37].

Наполеон Бонапарт XVIII ғасырдың соңында Мысыр жеріне жасаған алғаш жорығында мәмлүктердің қолындағы жеңіл әрі ықшам, ат үстінде қолдануға ыңғайлы қайқы қылышқа назары ауады. Мәмлүк қылышы француздар арқылы Еуропа елдеріне тарады. Мәмлүк қылышы аталып кеткен қыпшақтың (қазақтың) қайқы қылышы Францияда, Англияда, Австрия, т.б. Еуропа елдерінде салтанатты әскери шерулерде қолданылды. Наполеон Бонапарт қолданған мәмлүк қылышы ұрпақтары тарапынан 2007 жылы Париждегі аукционға шығарылып, 4.8 млн. долларға сатылған болатын.

XIX ғасырдың бас кезінде Либия жеріндегі Юусуф Пашаның Қараманлы әулеті мен Америка теңіз флоты арасында Дерна қаласы үшін болған соғыста америкалықтар жеңіске жетіп, 1805 жылы Дернада Америка туы желбіреді. Бұл Америка тарихында алғаш рет соғыс жағдайында шетелдердегі ту желбіретуі болатын. Соғыс кезінде Америка жағында болған Хамид Қараманлы (кей деректерде Ахмад Қараманлы дейді [М. әшШағбани, 2016: [http](http://):]) Америка Теңіз Флотын басқарып келген О'Беннон Преслиге Дернадағы жеңісі үшін өзінің жеке мәмлүк

қылышын сыйға тартады. Содан бері мәмлүк қылышын Америка Теңіз Флоты офицерлеріне салтанатты рәсімдерде асыну және жоғары мансапқа жеткендерге табыс етудестүрге айналған. О'Беннон Преслиге тиесілі мәмлүк қылышы қазіргі таңда Квантикодағы Теңіз флоты корпусының ұлттық мұражайында сақтаулы тұр [Мишел, 2014: [http](http://)].

Мәмлүк-қыпшақтарының қайқы қылышы қазіргі таңда Мысыр Араб Республикасы Қорғаныс Министрлігінің туында, жоғары шенді офицерлерінің погондары мен кокардаларында ресми белгі ретінде қабылданған. Сонымен қатар қайқы қылыштың бейнесі Үрдүн (Иордания), Сүрия (Сирия), Ирак, Тунис, Бахрейн, Кувейт, т.б. араб елдерінің әскери рәміздерінің бірі.

Алғашқы торпеда мен зеңбіректер: Мәмлүк сұлтандығында өмір сүрген атақты ғалым, химик Хасан әр-Раммах (1294 ж. қайтыс болған) «әл-Фурусия уә әл-Манасиб әл-Харбия» атты еңбегінде соғысу өнерін, қару түрлері мен оларды қолдану ережелерін түсіндірген. Ғалымның осы еңбегіндегі елеулі жаңалығы от қару және ұшатын ракета түрлерін жасау жолдарын, түзу ұшып, нысанаға дәл тию үшін ракетаның салмағына қарай қажетті химиялық құрамы мен жанармай мөлшерін көрсеткен [И. Исмаил, 2015: [https](https://)]. Тіпті күш-қуатына, көлеміне қарай тұтанғыш порох қоспаларын жасаудың жүзге тарта этапын, ракета түрлерін жасаудың жиырма этапын ғылыми тұрғыда түсіндірген [М. Мухиддин, 2018: [https](https://)]. Сонымен қатар кресшілердің кемесін өртеуге, жоюға арналған реактивті теңіз торпедасын жасау жолдарын кескіндемелер, түрлі-түсті суреттер арқылы кеңінен түсіндірген. Хасан әр-Раммах жасаған алғаш торпеда жұмыртқа формалы болған (1-сурет). Іштен жанған оттың күшімен су бетімен жүзіп барып кемеге соғылған сәтте борттағылардың құтылуына мүмкіндік бермейтіндей дәрежеде үлкен жарылыс жасап, кемені өртеп жіберетін болған [И. Исмаил, 2015: [https](https://)]. Қытайлар алғаш порохты ойлап тапқан болса, мәмлүктер оны алғаш рет артиллерияға қолданатындай етіп жетілдірді. Ал еуропалықтар торпеданы әр-Раммахтан соңбес ғасырдан кейін қолданғаны тарихтан белгілі. Алғашқы зеңбірек пен ракетаны және торпеданы ойлап тапқан Мәмлүк-қыпшақ сұлтандығының өнертапқышы, ғұлама ғалым Хасан әр-Раммахтың бұл қолжазбасы қазіргі таңда Вашингтон қаласындағы Авиация және ғарыш Ұлттық мұражайында сақтаулы тұр [М. Мухиддин, 2018: [https](https://)]. Әр-Раммахтың торпедасын еуропалықтардың қалай сынақтан өткізгенін мына (<https://www.dideo.ir/v/ap/IxiPw>) сілтемедегі бейнеден көруге болады. Сонымен қатар Орұнбұға эз-Зәрдикештің (1462 ж. қайтыс болған) «әл-Әслиха» (Қаружарактар) атты еңбегінде де ауыр отқарудың кескіні, оны жасау жолдары көрсетілген [О. эз-Зәрдикеш, [https](https://)] (2-сурет).

Кресшілердің тарихшысы Жан де Жуанвиль 1250 ж. Байбарыс қатысқан әл-Мансура шайқасында мәмлүктердің қолданған отқаруын (ракетасын): «Оны аспанда ұшатын үлкен аждаһаның бір түрі дерсің. Әріптесім Сэр Вальтермен бірге ағып бара жатқан аспандағы отты көрдік. Жалындаған құйрығы бар отқа оранған бөшкелер күркіреген дүлей дауыс шығарып ұшты. Аспанды қақ жарған бөшкелердің жарығы, тас қараңғы түнді жарқыратып жібергені соншалық, айналадағы заттар күндізгідей көрінді. Осы түні олар әлгі құрылғымен үш мәрте атты. Басшымыз Луис әр атылған сайын жанын шүберекке түйіп қорқып отырды» [И. Исмаил, 2015: [https](https://)], – деп, қорқынышпен сипаттаған. Кейбір деректерде Луис корольдің қорыққаны соншалықты, құдайына жалбарынғаны айтылады.

Араб зерттеушілері 1260 ж. моғолдармен болған Айн Жәлут соғысында да мәмлүкқыпшақтары зеңбірек және отқа жанбайтын қорғаныш киім қолданғанын айтады [Р. Хасан, 2014: [http](http://)]. Ал Хошқадам сұлтанның (1460-1467 жылдары билік құрған) тұсында зеңбірек ату бейбіт мақсатта, яғни рамазан айында ауыз ашар уақытын хабарлау мақсатында қолданылған [Ф. Мукиф, 2016: [https](https://)]. Ол кездерде қазіргідей дауыс ұлғайтқыш құрылғылар болмағандықтан, халық сұлтанның бұл бастамасын оң қабылдаған. Кейіннен бұл әрекет көптеген ислам өңірлеріне тараған. Меккеде, Парсы шығанағы және т.б. араб елдерінде қасиетті рамазан айында ауызашар уақыты кіргенде қазіргі күнге дейін зеңбірек атылады. Оны мына сілтемедегі бейнеден көруге

болады: (<https://www.youtube.com/watch?v=R1Tpb6ax4w>).

Мысыр мен Шам жеріндегі мәмлүк-қыпшақтардың бүкіл жетістігі мен әлем өркениетіне қосқан үлесіншағын мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Бір қызығы бүкіл әлемге «Мәмлүктер елі», «Мәмлүктер сұлтандығы» деген атаумен танылған ел бахрилер кезеңінде өздерін «Түрік елі», «Түріктер елі» деп атаса, буржилер кезеңінде «Шеркес елі», бір мәліметтер бойынша «Шеркес түрік елі» деп атаған. Оны сол замандардағы кейбір тарихи еңбектердің атауларынан, мысалы Байбарыс әд-Дәуадардың (1247-1325 ж.) «әт- Тухфа әл-Мулукийя фи әд-Дәулә әт-Түркийя», ибн Хабиб әл-Халабидің (1310-1377 ж.) «Дурра әл-Әсләк фи дәулә әл-Әтрак», тарихшы ибн Айбектің (1432 ж. қайтыс болған) «Әд-Дурра әз-Зәкийя фи әд-Дәулә әт- Түркийя» атты еңбектері атауларындағы «Түрік елі», «Түріктер елі» деген сөздерден байқауға болады. Сонымен қатар қазіргі «Мәмлүктер елі», «Мәмлүк сұлтандығы» терминдерінің орнына әл-Мақризи, ибн Тағриберді секілді өзге де ортағасырлық тарихшылар өз еңбектерінде «Түрік елі», «Шеркеш елі» терминдерін қолданған. Демек «Мәмлүктер елі», «Мәмлүктер сұлтандығы» деген атау белгілі бір саяси мүдделерге орай, ел атына «түрік», «шеркеш» сөздерін қоспау үшін кейіннен әдейі ойластырылған атау. Араб тіліндегі «мәмлүк» сөзінің мағынасы «ақ құл», «біреудің иелігіндегі» екенін ескерсек, расында да ешкімге бағынбайтын билік басындағылар өздерін «Мәмлүктер елі», яғни «Құлдар еліміз», «Біреулердің иелігіндегілердің еліміз» деп атамасы анық.

Біздің пайымдауымызша бахрилер кезеңінде ел атауына «бүржоғлы» (беріш) сөзін қосуға қажеттілік болмаған. Өйткені 1260 жылдан 1382 жылға дейін өне бойы бүржоғлылар (беріштер) билікте болған. «Түрік елі» атауы бүржоғлылар (беріштер) билеген қыпшақ сұлтандығын білдірсе керек. Ал 1382 жылдан билікке Барқуқ (Алтынбұға) бастаған шеркештер келгенде, ел атауын бүржоғлылардан (беріштерден) ерекшелену үшін өздерін «Шеркеш елі» деп атаған болуы мүмкін. Бұл терең зерттеуді қажет ететін мәселе. Ол кезеңдегі

«қыпшақ» сөзі қыпшақ тілінде сөйлеген көптеген тайпалар мен рулардан құралған халықтың атауы болған. Қалай болғанда да, бахрилер де, буржилер де қыпшақ тілінде сөйлегеніне, яғни бүржоғлылар да, шеркештер де ұлан ғайыр қыпшақ даласынан келген қыпшақ ұлтының өкілдері екеніне жоғарыда айтқанымыздай, сұлтандардың есімдері дәлел. Сонымен қатар жоғарыда атап өткен тарихи қолжазба ескерткіштердің тілі, өздерін «Түрік елі», «Түріктер елі», «Шеркеш елі» деп атағандары, Ұ. Алжанбаеваның зерттеулеріндегі араб тіліне енген түркізмдер, Қ. Аубакированың, А. Әлібекұлының, Б. Батыршаұлының және де басқа ғалымдардың зерттеулері соның айғағы. Қазіргі таңда «Түрік елі» десек Түркия Республикасы еске түседі. Сондықтан 1250-1517 жылдары қыпшақтар билеген Мысыр мен Шам жерін және Хижазды «Мәмлүктер елі»,

«Мәмлүк сұлтандығы» демей «Қыпшақ түрік елі», «Қыпшақ түрік сұлтандығы» немесе «Қыпшақ сұлтандығы» деп атасақ дейміз.

Қорытынды

Ашылған жаңалықтар мен жазылған еңбектер, қашан да, жаңалық ашылған елге, жазылған жерге тиесілі болған, солай болып та жатыр, бола да бермек. Бес мың жылдық тарихы бар Мысыр жеріндегі пирамидалар перғауындарға тиесілі. Америка құрлығын ашқан Х. Колумб Италия жерінде туылса да, ашқан жаңалығы Испанияға тиесілі. Стив Джобстың әкесі сириялық араб, шешесі германиялық неміс болғанымен, ұлдарының құрған Apple компаниясы мен Apple құрылғысы Америка Құрама Штаттарына тиесілі. Жасанды қанат арқылы 852 жылы алғаш рет аспанға қалықтаған мұсылман өнертапқышы Аббас ибн Фарнастың жаңалығы қазіргі Испанияға емес, сол кездердегі мұсылмандық Кордоваға (Андалусияға) тиесілі. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Сол секілді қыпшақ сұлтандары мен әмірлерінің жеке демеуімен немесе уақыптан, ел қазынасынан бөлінген қаржыға жазылған еңбектер мен ашылған жаңалықтар

ғалымдар мен өнертапқыштардың ұлттарына қарамастан Қыпшақ сұлтандығына тиесілі болуы тиіс. Олай болса жоғарыдағы аталған әр саладағы том-том еңбектер, құрылысы қайталанбас әсем ғимараттар, әлемге тараған мәмлүк қылышы, адамзат тарихындағы алғашқы зеңбіректер мен реактивті торпедалар, әр түрлі медициналық жаңалықтар, т.б. Қыпшақ сұлтандығының, яғни қыпшақтардың әлемдік өркениетке қосқан үлесі болмақ.

Мысыр, Шам, Хижаз жерінде билік еткен Қыпшақ сұлтандығы отандық ғалымдар тарапынан жеткілікті дәрежеде зерттелмей отыр. Әлемдік дәрежедегі ғұламаларымызды ныспысындағы қазақ жеріне тиесілі Фараб, Сығанақ, Тараз секілді қала атауларынан ғана танып жүрміз. Аты-жөнінде қала атауы жазылмаған ғұламаларымыз қаншама. Солардың бірі Мұғалтай ибн Қылыш әл-Ханафи (1290-1361 ж.). Әкесі ұлын әскери адам болсын деп садақ ату өнеріне баулымақшы болып біраз әуреленсе де, бала Мұғалтай ілім жолына түсті. Жүзден аса еңбек жазды. Әбу Ханифа мәзһабын ұстанды. Заманында «Шейх әл-Хадис» деген атаққа ие болған. Әл-Бұхаридың сахих хадистеріне жиырма томдық түсіндірме жасаған. Тіпті ибн әл-Мулақкин, ибн Хажар, т.б. хадис ғалымдары өздерінің атақтың бектерінде Мұғалтайдың еңбегіне сүйенген. Осындай ғұлама бабаларымызды елімізде танытып, еңбектерін насихаттауымыз керек. Сондай-ақ жоғарыда аталған қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер де терең зерттелмей отыр. Кеңес кезіндегі отандық зерттеушілердің шетел архивтеріндегі түпнұсқа қолжазбаларды қарауға мүмкіндіктері болмағандықтан, олар Еуропа, орыс шығыстанушыларының зерттеулеріне сүйенуге мәжбүр болған. Нәтижесінде солардың жіберген қателерін қайталаған. Мысалы, ұлтымыздың атауына айналған «қазақ» сөзі жазбаша деректемелер ішінде 1245 ж. Мысыр жеріндегі қыпшақтар тарапынан жазылған «Қыпшақ-араб сөздігінде» кездесіп, оған алғаш рет академиялық дәрежеде түсініктеме берілген болатын. Алайда сөздің қолжазбасын 1894 ж. алғаш зерттеген голландық шығыстанушы М.Т. Хоутсма «қазақ» сөзінің $\text{ح حمل ایدنیسمردنیسرت}$ пед неке еткүн ытқад ышамлоб ығаднытса ңініпрә [x], «ردر» [ләнізәс [даррәхум «لجمارد»] негед «сабығнақ» енізәс «қазақ», пықо пед [даррәжум-лә] жағымсыз мағына берген. Қолжазбаның түпнұсқасын алдыруға мүмкіндігі болмаған отандық ғалым Ә. Құрышжанов та «қазақ» сөзіне қатысты М.Т. Хоутсманың қателігін қайталаған. Біз М.Т. Хоутсманың қателігін қолжазбаны түпнұсқасынан зерттеу арқылы анықтап, «қазақ» сөзінде ешқандай да жағымсыз мағына болмағанын дәлелдеген болатынбыз. Бұл Еуропа, Ресей шығыстанушылары мен түркітанушылары тарапынан жасалған қазақ тарихына қатысты зерттеулердің күманды тұстарын түпнұсқадан қайта қарау керектігін білдірмек.



1 сурет: Хасан әр-Раммахтың (1294 ж. қайтыс болған) «әл-Фурусия уә әл-Манасиб әл-Харбия» еңбегі қолжазбасындағы торпеданың кескіні



2 сурет: Орынбұғаның (1462 ж. қайтыс болған) «әл-Әслиха» (Қару-жарақтар) атты еңбегі қолжазбасындағы ауыр отқарудың кескіні

ӘДЕБИЕТТЕР

- Арынов Т. Лексико-семантические и стилистические особенности языка старокипчакского памятника «Китаб ат-Тухфа аз-Закияя фил-луға ат-Туркийя». – Алматы, 2009. – 129 б. Әл-Айни. Иқд әл-Жуман фи-т-Тарих әз-Зәман. – 1/153 б. Әз-Зердікеш, Орунбұға. Тасмим Сарух ли ибн Орунбұға әз-Зердікеш, 25.07.2015 mos.sserpdrow.yrolgtsolfonem//:sptth/52/70/5102/أغیرالنیاراصخو-میمصت // Әз-Зирикли Х. Әл-Ағләм. – 2/79-б.
- Әл-Мақризи. Әс-Сулук ли мағрифати дуәл әл-Мулуқ. Тахқиқ: Мухаммад Абдулқадир Ата. 1-Т., 549-б. – Бейрут: Дәр әл-Кутуб әл-Илмийа, 1997. – 549 б.
- Әл-Мақризи. Әс-Сулук ли мағрифати дуәл әл-Мулуқ. Тахқиқ: Мухаммад Абдулқадир Ата. 5-Т., 549-б. – Бейрут: Дәр әл-Кутуб әл-Илмийа, 1997. – 549 б. Әл-Мақризи. Әс-Сулук. 1-Т., – 118-б. // <http://islamport.com/w/tkh/Web/328/118.htm>
- Әс-Сәид Н. Әт-Туруз әл-Исләмийа фи хидмати әл-Хайаһ // <https://archive.islamonline.net/?p=20300>
- Әш-Шағбани М. Әд-Диплумасийа әл-Либийа фи-л-Қарн әс-Сәмин ашар (30.11.2016) // <http://www.watanpressonline.com/archives/4047>
- Әш-Шәғға М. Мәнәһиж әт-Тәлиф инда әл-Улама әл-Араб. – Бейрут, Дәр әл-Улум ли-л-Мәләин. – 3/731-б.
- Диаб С. Әс-Суйуф әл-Исламийа уа Синағатуһә, 2001 // <http://www.alhayat.com/article/1103055> Зәки А. Әл-Қаһира уә тарихуһа уә Әсаруһа. – 73-б.
- Ибн Абдуззаһир. Тәшриф әл-Әййәм. – 43-б. Ибн Баттута. Рихлату ибн Баттута. – 1/70-б.
- Ибн Кәсир. Әл-Бидәйя уә ән-Нихәйя. Тахқиқ Абдулла әт-Түрки, әл-Қаһира. Дәр һижр, т1, 1998 м. – 18/719
- Ибн Кәсир. Уәфәйят әл-Ағләм. – 13-Т.
- Ибн Тағриберді. Ән-Нужум әз-Зәһира. – 7/94-б.
- Исмаил И. Махтут Китаб әл-Фурусийа уә-л-Манасиб әл-Харбийа, 18.06.2015 // <https://www.al-sharq.com/news/details/347191>
- Йужәл У. Әс-Суйуф әл-Исләмийа уә синағатуһә. Тәржіме: Тахсин Умарта. – әлКуейт, 1988.
- Мишел. О’Беннон Пресли Невил (1776-1850), 25 ноябрь 2014 г. // <http://impereur.blogspot.com/2014/11/presley-neville-obannon-1776-1850.html>
- Муқиф Ф. Қисса мидфағ әл-ифтар, 16.06.2016 // <https://www.alukah.net/spotlight/0/104480/>
- Мухиддин М. Әсәр ән-Нәһда әс-Синағийа... (01.2018) // <https://platform.almanhal.com/Details/article/113277>
- Суйуф әл-Усманин уә-л-Әтрак әл-Қудамә, 2015 // <https://www.turkpress.co/node/15904>
- Тауфиқ Ш. Әл-Мәмәлик әш-Шәркәсийа. – Дәр уә муәссәә Руслан ли-т-Тибаға. – Сурия, Димашық, 2009. – 255 б. Хамиш М. Әл-Ақаллийат фи Миср // Мәжәллә әл-Файсал. – №483, 2018 ж.
- Хасан А. Тарих әл-Мәсәжид әл-Әсәрийа, 1945.
- Хасан Р. Илм әл-Кимийа уә татбиқатуһа фи-л-Хадара әл-Арабийа уә-л-Исләмийа, ... tsop/ten.swensduqla//:ptth/23655/-
- ھ/یمیکلاءاملع ضحلاقرایف-تاقیبطوھ // 2014

МАЗМҰНЫ

Айтмағамбетов Д.Р., Азмұханова А.М., Нұрсұлтанова Л.Н. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ВЬЕТНАМ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТАН ТӘЖІРИБЕГЕ.....	5
Ахметжанова А.Т., Алина А.Д. XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРЫ.....	12
Алимжанова А.Ш., Шаймерденова М.Д. ЗАМАНАУИ БІЛІМ: ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРДІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАСЫ.....	20
Арепова А.Д., Морякова М.Т. АҚ ОРДАНЫҢ САЯСИ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (XIII–XV ғғ. басы).....	25
Балықбай А.К. ҚАЗАҚ КИНОДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ КЕЗЕҢДЕРІ.....	33
Боранбаева Б.С. ШЫҒЫС МАЙДАНЫНА ҚАТЫСҚАН ОРАЛ Өңірінің ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ.....	41
Горячев А.А., Егорова Т.А., Егорова К.А. ХАНТАУ ТАУЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ ПЕТРОГЛИФТЕРІ.....	58
Ғабитханұлы Қ. ҚЫТАЙ ЖЫЛНАМАЛАРЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК СӨЗДЕРДІ АУДАРУ, РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ, БІРІЗДЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІ.....	73
Ғабитханұлы Қ., Ғабит Е. «ТӨҢІР ТАУ» (немесе Тянь-Шань) ҒҰНДАРДАН ҚАЛҒАН АТАУ.....	79
Жанибай С.Б. МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ...83	83
Жанибай С.Б. 1920-1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТҮРКІСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	92
Жолсейітова М.Ә. ЮСУФ АҚЧУРАНЫҢ ЖАС ТҮРІКТЕР БІЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	105
Жолсейітова М.Ә. ЖӘДИДШІЛДІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ И. ГАСПЫРАЛЫНЫҢ РӨЛІ.....	116
Жұмай Г. ҚОРЫҚ-МУЗЕЙДІҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ.....	128
Калыш А.Б., Исаева А.И. ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МУЗЕЙІНІҢ ДАЙЫНДАҒАН ҒЫЛЫМИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНЫҢ ОРНЫ.....	136
Камалинов И.Р., Савельева Т.В. ІЛЕ АҢҒАРЫНДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ БАҒЫТЫ (археологиялық деректер бойынша).....	145
Керімбаев Е.Ә., Набижанқызы З. КОНФУЦИЙ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗМЕТІ.....	159
Қабдолдина К.Қ. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ТЕНДІК МӘСЕЛЕСІ.....	169
Қабылдинов З.Е., Борбасов С.М., Қозыбаева М.М. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КЕЛБЕТІНІҢ АЙНАСЫ.....	175
Қаипбаева А.Т. ІЛИЯС ОМАРОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ МҰРА.....	182
Қали А., Сәкенұлы Қ., Айдаралиева Ә. АҚТӨБЕ Өңіріндегі «АЛАШ ОРДА» ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ (Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві материалдары бойынша).....	197
Құдайбергенұлы Б., Каримова А.Е., Садыкова А.М. ҚАЗАҚ ҚАЙРАТКЕРІ Н.НҰРМАҚОВТЫҢ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫНА ҚАТЫСТЫ САЯСИ ҰСТАНЫМЫ.....	215
Қыдырбаев Қ.А. МӘМЛҮК-ҚЫПШАҚ СҰЛТАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕМ ӨРКЕНИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	222

Мейрманова Г.А., Дауытбекова М.Қ. ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР ЭТИКЕТІ.....	233
Мұқаметханұлы Н., Мадиев Д.А. ҚЫТАЙДЫҢ БАТЫС БӨЛІКТІ ҚАУЫРТ ИГЕРУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ШЫҢЖАҢНЫҢ ШЕКАРА ӨҢІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ.....	243
Мырзабекова Р.С., Мырзабеков М.С. ТАНЗИМАТ ДӘУІРІНДЕГІ РЕФОРМАТОРЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР.....	251
Нурмухамбет Ә.Б., Сайн Э.Д. ҚАЗАҚСТАН КӘСПОРЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАРКЕТИНГТІК СТРАТЕГИЯЛАРЫ.....	258
Сабденова Г.Е., Усерова А.Н. ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ ТӘРБИЕСІНІҢ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ.....	265
Сабырова Ә.С. ЖЫРАУЛЫҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ «БАТЫРШЫЛДЫҚ».....	273
Садықов Т.С., Набиев С.Т. АКАДЕМИК М.Қ.ҚОЗЫБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	279
Сайынов Д. АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ ДІНИ ҚАЙРАТКЕРЛЕРДІҢ РУХАНИ ҚЫЗМЕТІ.....	285
Сәкенов С.Қ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРІ.....	296
Сериккалиева А.Е., Ашинова Ж.Е., Набижанқызы З. ШЫҰ ЕРКІН САУДА АЙМАҒЫНЫҢ ЖОБАСЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ.....	304
Сыздықова А.М. ЕРТІС ӨҢІРІНІҢ КЕҢЕСТІК ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЕШЕНДЕРІНДЕГІ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТАРИХЫ (1970-1990).....	308
Төлебаев Т.Ә., Әбікенова Г.Е. ДӘСТҮРЛІ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР ЖӘНЕ ПРОТОТҮРІКТЕРДІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ АСПЕКТ.....	317
Шаймерденова М.Д. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ АВТОРЛАРЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ТАСУШЫЛАРЫ РЕТІНДЕ: ТІЛ ТҰЛҒАЛАРЫН РЕТРОСПЕКТИВТІ ШОЛУ.....	323

СОДЕРЖАНИЕ

Айтмагамбетов Д.Р., Азмуханова А.М., Нурсултанова Л.Н. КАЗАХСТАН И ВЬЕТНАМ: ОТ СОГЛАШЕНИЙ К ПРАКТИКЕ.....	5
Ахметжанова А.Т., Алина А.Д. НОВОВВЕДЕНИЯ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В СФЕРЕ КУЛЬТУРЫ И ОБРАЗОВАНИЯ в 20-30-е ГОДЫ XX ВЕКА.....	12
Алимжанова А.Ш., Шаймерденова М.Д. СОВРЕМЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: КЛЮЧЕВОЙ АСПЕКТ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ.....	20
Арепова А.Д., Морякова М.Т. ВОПРОСЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ АК ОРДЫ (XIII – НАЧАЛО XV ВВ.).....	25
Балықбай А.К. ИСТОРИЯ И ЭТАПЫ СТАНОВЛЕНИЯ КАЗАХСКОЙ КИНОДРАМАТУРГИИ.....	33
Боранбаева Б.С. КАЗАШКИ ПРИУРАЛЬЯ – УЧАСТНИЦЫ ВОЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ НА ДАЛЬНЕВОСТОЧНОМ ФРОНТЕ.....	41
Горячев А.А., Егорова Т.А., Егорова К.А. ДРЕВНИЕ ПЕТРОГЛИФЫ ГОР ХАНТАУ.....	58
Габитханулы К. ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА, РЕКОНСТРУКЦИИ, ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОСТИ ТЮРКСКИХ СЛОВ В КИТАЙСКИХ ЛЕТОПИСЯХ.....	73
Габитханулы К., Габит Е. ГЕОГРАФИЧЕСКОЕ НАЗВАНИЕ «ТАНИРТАУ» (ИЛИ ТЯНЬ-ШАНЬ) - НАСЛЕДИЕ ГУННОВ.....	79
Жанибай С.Б. МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ ПРОИЗВЕДЕНИЙ МУСТАФЫ ШОКАЯ.....	83
Жанибай С.Б. СТАНОВЛЕНИЕ СОВЕТСКОЙ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В ТУРКЕСТАНЕ В 1920-1940-Е ГОДЫ.....	92
Жолсейітова М.Ә. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЮСУФА АКЧУРИНА В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ МЛАДОТУРОК.....	105
Жолсейітова М.Ә. РОЛЬ И ГАСПЫРАЛЫ В СТАНОВЛЕНИИ И РАЗВИТИИ ДЖАДИДИЗМА.....	116
Жумай Г. ОБЪЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ЗАПОВЕДНИКА-МУЗЕЯ.....	128
Калыш А.Б., Исаева А.И. МЕСТО НАУЧНО-ЭТНОГРАФИЧЕСКОЙ ЭНЦИКЛОПЕДИИ ЦГМ РК В НАУЧНО - ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ.....	136
Камалдинов И.Р., Савельева Т.В. НАПРАВЛЕНИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ В ИЛИЙСКОЙ ДОЛИНЕ (по археологическим источникам).....	145
Керимбаев Е.А., Набижанкызы З. СТАНОВЛЕНИЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИНСТИТУТОВ КОНФУЦИЯ.....	159
Кабдолдина К.К. ПРОБЛЕМА РАВЕНСТВА КАЗАХСКИХ ЖЕНЩИН В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ.....	169
Кабульдинов З.Е., Борбасов С.М., Қозыбаева М.М. ЗЕРКАЛО ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ОБРАЗА КАЗАХОВ.....	175
Каипбаева А.Т. ИЛЬЯС ОМАРОВ И НАЦИОНАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ.....	182
Кали А., Сакенулы К., Айдаралиева А. О ДЕЯТЕЛЯХ «АЛАШ ОРДЫ» АКТЮБИНСКОГО КРАЯ (ПО МАТЕРИАЛАМ АКТЮБИНСКОГО ОБЛАСТНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АРХИВА).....	197
Құдайбергелулы Б., Каримова А.Е., Садыкова А.М. ПОЛИТИЧЕСКАЯ ПОЗИЦИЯ КАЗАХСКОГО ДЕЯТЕЛЯ Н. НУРМАКОВА В ОТНОШЕНИИ ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ.....	215
Кыдырбаев К.А. МАМЛЮК-КИПЧАКСКИЙ СУЛТАНАТ И ЕГО ВКЛАД В МИРОВУЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ.....	222

Мейрманова Г.А., Дауытбекова М.Қ. ЭТИКЕТ ГЕРОЕВ В ТРАДИЦИОННОМ КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ.....	233
Мухаметханулы Н., Мадиев Д.А. СТРАТЕГИЯ НАПРЯЖЕННОГО ОСВОЕНИЯ ЗАПАДНОЙ ЧАСТИ КИТАЯ И СОЦИАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ПРИГРАНИЧНОГО РЕГИОНА СИНЬЦЗЯН.....	243
Мырзабекова Р.С., Мырзабеков М.С. РЕФОРМАТОРСКИЕ ДВИЖЕНИЯ В ЭПОХУ ТАНЗИМАТА.....	251
Нурмухамбет Ә.Б., Сайн Э.Д. МАРКЕТИНГОВЫЕ СТРАТЕГИИ МЕЖДУНАРОДНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ КАЗАХСТАНА....	258
Сабденова Г.Е., Усерова А.Н. ИСТОРИЧЕСКИЕ КОРНИ ТРАДИЦИОННОЙ ПРАВОВОЙ КУЛЬТУРЫ И НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ.....	265
Сабирова А.С. ЭТИЧЕСКИЙ КОДЕКС «БАТЫРШЫЛДЫҚ» В ЭПИЧЕСКОЙ ПОЭЗИИ.....	273
Садыков Т.С., Набиев С.Т. ВОПРОСЫ ОСВОБОДИТЕЛЬНОЙ БОРЬБЫ КАЗАХОВ В ТРУДАХ АКАДЕМИКА М.К. КОЗЫБАЕВА.....	279
Сайнов Д. ДУХОВНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ РЕЛИГИОЗНЫХ ДЕЯТЕЛЕЙ В АКТЮБИНСКОМ КРАЕ.....	285
Сакенов С.К. ДОМА ЭПОХИ БРОНЗЫ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА.....	296
Сериккалиева А.Е., Ашинова Ж.Е., Набижанқызы З. ПРОЕКТ ЗОНЫ СВОБОДНОЙ ТОРГОВЛИ ШОС: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ.....	304
Сыздыкова А.М. ИСТОРИЯ УПРАВЛЕНИЯ ОХРАНОЙ ПРИРОДНОЙ СРЕДЫ НА СОВЕТСКИХ ТОПЛИВНО- ЭНЕРГЕТИЧЕСКИХ ПРЕДПРИЯТИЯХ ПРИИРТЫШЬЯ (1970-1990).....	308
Тулбаев Т.А., Абикенова Г.Е. ТРАДИЦИОННЫЕ МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ ПРОТОТЮРКОВ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	317
Шаймерденова М.Д. АВТОРЫ КАЗАХСТАНСКИХ УЧЕБНИКОВ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА КАК НОСИТЕЛИ ИНФОРМАЦИИ И КУЛЬТУРЫ: ЯЗЫКОВАЯ ЛИЧНОСТЬ В РЕТРОСПЕКТИВЕ.....	323

CONTENTS

Aitmagambetov D., Azmukhanova A., Nursultanova L. KAZAKHSTAN AND VIETNAM: FROM AGREEMENTS TO PRACTICE.....	5
Akhmetzhanova A.T., Alina A.D. INNOVATIONS OF SOVIET POWER IN THE FIELD OF EDUCATION IN THE 1920-1930s.....	12
Alimzhanova A., Shaimerdenova M. MODERN EDUCATION: THE KEY ASPECT OF MODERNIZATION OF PUBLIC CONSCIOUSNESS.....	20
Arepova A.D., Moryakova M.T. THE ISSUES OF THE POLITICAL HISTORY OF AK ORDA (XIII - EARLY XV CENTURIES).....	25
Balykbay A.K. HISTORY AND STAGES OF THE FORMATION OF KAZAKH FILM DRAMA.....	33
Boranbayeva B.S. KAZAKH WOMEN OF THE URALS-PARTICIPANTS OF MILITARY ACTIONS ON THE FAR EASTERN FRONT.....	41
Goriachev A.A., Egorova T.A., Egorova K.A. ANCIENT PETROGLYPHS OF KHANTAU MOUNTAINS.....	58
Gabirkhanuly K. ISSUES OF TRANSLATION, RECONSTRUCTION, CONSISTENCY OF TURKIC WORDS IN CHINESE CHRONICLES.....	73
Gabirkhanuly K., Gabit Y. «TANGIRTAU» (OR TIAN-SHAN) IS THE HUN HERITAGE THE GEOGRAPHICAL NAME "TANGIRTAU" (OR TYANSHAN) IS THE HUN HERITAGE.....	79
Zhanibay S. METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE STUDY OF HISTORY IN THE WRITINGS OF MUSTAFA SHOKAY.....	83
Zhanibay S. FORMATION OF THE SOVIET EDUCATION SYSTEM IN TURKESTAN IN THE 1920-1940S.....	92
Zholseitova M. THE ACTIVITIES OF YUSUF AKCHURIN DURING YOUNG TURKS PERIOD.....	105
Zholseitova M. I. GASPYRALY'S ROLE IN THE ESTABLISHMENT AND DEVELOPMENT OF JADIDISM.....	116
Zhumai G. OBJECTS RESEARCH OF THE RESERVE-MUSEUM.....	128
Kalysh A., Isayeva A. PLACE OF SCIENTIFIC AND ETHNOGRAPHIC ENCYCLOPEDIA OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL PROCESS.....	136
Kamaldinov I.R., Savelyeva T.V. DIRECTIONS OF THE GREAT SILK ROAD IN THE ILE VALLEY (according to archaeological sources).....	145
Kerimbaev Y.A., Nabizhankyzy Z. THE FORMATION AND ACTIVITIES OF CONFUCIUS INSTITUTES.....	159
Kabdoldina K.K. THE PROBLEM OF EQUALITY OF KAZAKH WOMEN IN THE SOVIET KAZAKHSTAN.....	169
Kabuldinov Z.E., Borbasov S.M., Kozybayeva M.M. MIRROR OF THE ETHNOGRAPHIC IMAGE OF THE KAZAKH.....	175
Kaipbaeva A.T. ILYAS OMAROV AND THE NATIONAL CULTURE HERITAGE.....	182
Kali A., Sakenuly K., Aidaraliyeva A. ON THE "ALASH ORDA" FIGURES FROM AKTOBE KRAI (ACCORDING TO THE MATERIALS OF THE AKTOBE REGIONAL STATE ARCHIVE).....	197
Kudaybergenuly B., Karimova A.E., Sadykova A.M. THE POLITICAL POSITION OF THE KAZAKH LEADER N. NURMAKOV IN RELATION TO THE RESETTLEMENT POLICY.....	215
Kydyrbayev K.A. THE MAMLUK-KIPCHAK SULTANATE AND HIS CONTRIBUTION TO THE WORLD'S CIVILIZATION.....	222

Meirmanova G.A., Daytbekova M.K. HEROES OF THE TRADITIONAL KAZAKH SOCIETY.....	233
Mukhametkhanuly N., Madiev D.A. THE STRATEGY OF RAPID DEVELOPMENT OF THE WESTERN PART OF CHINA AND THE SOCIAL DEVELOPMENT OF THE BORDER REGION OF XINJIANG.....	243
Myrzabekova R., Myrzabekov M. REFORM MOVEMENTS IN THE EPOCH OF TANZIMAT.....	251
Nurmukhambet A.B., Sayn E.D. MARKETING STRATEGIES OF KAZAKHSTAN ENTERPRISES' INTERNATIONAL ACTIVITIES.....	258
Sabdenova G.E., Userova A.N. HISTORICAL ROOTS OF TRADITIONAL LEGAL CULTURE AND NATIONAL NURTURING OF KAZAKHS.....	265
Sabirova A.S. ETHIC CODE OF "BATYRSHYLDYK" IN THE EPIC POETRY.....	273
Sadykov T., Nabiyev S. THE ISSUES OF KAZAKH LIBERATION STRUGGLE IN THE WRITINGS OF THE ACADEMICIAN M.K. KOZYBAYEV.....	279
Sainov D. THE SPIRITUAL ACTIVITIES OF THE RELIGIOUS LEADERS IN AKTOBE REGION.....	285
Sakenov S.K. BRONZE AGED WELLINGS IN NORTHERN KAZAKHSTAN.....	296
Serikkalieva A.E., Ashinova Zh.E., Nabizhankyzy Z. PROJECT OF THE SCO FREE TRADE ZONE: PROBLEMS AND PROSPECTS.....	304
Syzdykova A.M. HISTORY OF MANAGEMENT OF ENVIRONMENTAL PROTECTION AT SOVIET FUEL AND ENERGY ENTERPRISES IN THE PRIYRTISHIYA (1970-1990).....	308
Tulebayev T.A., Abikenova G.E. TRADITIONAL METHODOLOGICAL DIRECTIONS AND LINGUISTIC GEOGRAPHY OF PROTO- TURKS: HISTORIOGRAPHIC ASPECT.....	317
Shaimerdenova M.D. THE AUTHORS OF KAZAKHSTANI TEXTBOOKS ON THE HISTORY OF KAZAKHSTAN AS CARRIERS OF INFORMATION AND CULTURE: A LANGUAGE PERSON IN RETROSPECTIVE.....	323

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2019. 1(17)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2019.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй